



№ 30
(1318)
Сәрсенбі
20 сәуір
2016 жыл.

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

Ресми жаңалықтар

ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛБАСЫ ЭКВАДОР РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ РАФАЭЛЬ КОРРЕАҒА КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Жеделхатта Қазақстан Президентінің Эквадорда жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза болғаны туралы хабарды зор күйзеліспен қабылдағаны атап өтілген.

Нұрсұлтан Назарбаев қаза болғандардың туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Р.Корреа мен бүкіл Эквадор халқына көңіл айтты.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАПОНИЯ ИМПЕРАТОРЫ АКИХИТОҒА КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Жеделхатта өткен аптада Кюсю аралындағы жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза болғаны және зардап шеккені туралы хабарды Елбасының зор күйзеліспен қабылдағаны атап өтілген.

Нұрсұлтан Назарбаев жақындарынан айрылған отбасыларға, император Акихитоға және бүкіл жапон халқына Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан көңіл айтты, сондай-ақ табиғат апатынан зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді.

ОБЛЫС

Спорт

ҚАЗАЛЫНЫҢ ФУТБОЛШЫЛАРЫ— ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ



Қызылорда облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен Әйтеке би кентіндегі «Жалаңтөс баһадүр» стадионында осы жылдың 11-15 сәуір аралығында «Coco-Cola» былары доп» жүлдесі үшін облыстық іріктеу жарысы өткізілді.

Облыстық жарысқа 2001-2002 жылдары туған

командасы түгелдей №249 мектеп-лицейдің оқушыларынан құралған.

Бұдан бұрын да ауданның намысын қорғап жүрген №249 мектеп-лицейдің футболшылары Қызылорда облысының атынан Семей, Шымкент, Ақтөбе, Тараз, Алматы, Кентау, Қызылорда және республиканың басқа қалаларындағы жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып, облыстың

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЙНАР МЕКЕНІ

Бүгінгі білім беру нарығында әртүрлі мамандықтар бойынша білім нәрін сеуіп, білікті маман етіп баптап шығаруды ұсынып отырған жоғары оқу орындары көптеп саналады, алайда сол толып жатқан оқу орындарының бәрі бірдей заман, қоғам талабына толық жауап береді деп айту қиын.

Жоғары оқу орындары ішіндегі шоқтығы биік, дара университет – 82 жылдық тарихы бар, көнекөз университет – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Бұл университет өзінің ұзақ ғұмырында қалыптасқан байсалды тәжірибесімен ерекшеленетін дәстүршіл оқу орны ғана емес, сондай-ақ заман талабына дер кезінде жауап беруші, жанашыл университет. Оған дәлел, 2002 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім және ғылым саласындағы дамуының маңыздылығын, бүкіл әлем алдындағы мәртебесін ескере отырып, өнеркәсіпке ықпал ететін Ассоциация (SPI)

халықаралық байқауының нәтижесі бойынша университетті «SPI алтын медалімен» марапаттады. 2003 жылы 16 қыркүйекте Еуропадағы белгілі Болонья (Италия) университетінің қабырғасында университет Дүниежүзілік университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. Сөйтіп, ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып Еуропалық білім кеңістігіне кірді. Қазақстанның ЖОО арасында алғашқы ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» тағайындаған (2006) «Алтын сапа» жүлдесінің иегері, халықаралық және Еуразиялық университеттер Ассоциациясының мүшесі, бірнеше рет сапаны басқару жүйесін халықаралық сертификаттау мен мамандықтар бағдарламаларын аккредитациялауды жүзеге асырған (СМЖ) (2008-2011), білім және ғылым саласында инновациялық игі істерді дамытуға атсалысқан көшбасшы университет.

Бұл оқу ордасында 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Бүгінгі күні университеттің 15 факультетінде 20 000-ға жуық студенттер білім алып, 1500-ден астам оқытушылар, олардың ішінде: 27 ҰҒА академигі, 6 Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, 300 профессорлар мен докторлар, 700-ден астам кандидаттар мен доценттер, 70-ке жуық мемлекеттік және жастар сыйлықтарының иегерлері қызмет атқарады. ҚазҰУ қабырғасында Қазақстан ғылымының бетке ұстар элитасы

шоғырланған. ҚазҰУ 400-ден астам шетелдік университеттермен ынтымақтастық туралы келісім жасаған. Университет білім алушы тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі кемелдендіруіне қажетті жағдай жасау үшін бар күш-жігерін салып, студенттік өзін-өзі басқаруға, көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеуге мол мүмкіндіктер тудыруда. Студенттерге сапалы білім берумен қатар қазіргі студенттің болашақ бәсекеге қабілетті маман, қарымы күшті, жан-жақты, ұлтжанды саналы азамат ретінде қалыптасуы үшін университет басшылығы тарапынан «Айналанды нұрландыр», «Green Campus», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» сынды түрлі жобалар мен бастамалар іске асырылуда.

Елімізде экономика саласына білікті кадр даярлауда көшбасшылық танытып отырған, тарихы тереңнен бастау алатын факультеттің бірі – «Экономика және бизнес Жоғары мектебі». Факультет 1949 жылы құрылып, содан бері табысты қызмет етуде. Қазіргі кезде факультет 4 кафедрадан тұрады: «Экономика», «Менеджмент және маркетинг», «Есеп және аудит», «Қаржы» кафедралары. Сонымен қатар, 2011 жылдың қантарынан бастап Экономика және бизнес жоғары мектебінде университет ректорының бұйрығымен құрылған «Экономикалық зерттеулер орталығы» жұмыс істейді. «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы – факультеттің ең ірі әрі көпсалалы бағытта жұмыс істейтін кафедра. Мұнда 15 мамандық бойынша бакалавр, магистратура, Phd мамандар даярланады. Білім беру ордасы ретіндегі кафедраның ұстанатын саясаты басты 3 мақсатты көздейді: біріншіден, оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру, ғылыми-ізденушілік бағытты дамыту болса, екіншіден болашақ мамандарды бүгінгі жас жеткіншек ретінде дұрыс тәрбиелеу, үшіншіден даярланатын мамандардың кәсіби құзыреттілігін анықтауда жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып бітіруші түлектердің еңбекпен қамтылуына көңіл бөлу болып табылады. Университет және Жоғары мектеп ұстанған саясат ары қарай жалғаса бермек, осы сара жолдан таймай білікті мамандар даярлауда көшбасшы болып қалу – басты мақсат.

А.БЕЙЖАНОВА.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
"Менеджмент және маркетинг"
кафедрасының доценті.

Ж.САҚЫБАЙ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
"Маркетинг" мамандығының
4 курс студенті.

орын иеленген мектебіміздің талантты оқушысы Әлмахан Ақсұңқар жырдаң шашып, жиналғандарды ерекше тәбірінен бөледі. Ал 1-сыныптың балғын болса Қаныш ата туралы тақпақтар айтты. Мектебіміздің жас ұландары: Алмас Берекет пен Есет Ұлжан ғалым рухына тағзым етіп, ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойды.

Бұдан соң ауданымыздың әр мектебінен келген конференцияға қатысушы ұстаздар өз әдіс-тәсілдерімен бөлісу мақсатында секциялық отырысқа қатысты. Аудан мұғалімдері бұл сайыста өздерін ерекше көрсетті.

Л.ӨТЕГЕНОВА.

Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта
мектептің мұғалімі.

● Спорт

ЕН МЕДЕТБЕК— КҮЛДЕГЕРІ



кортындысында 3:2 есебімен байқонырлық Жазылбек Токбергеновты біріншіліктің үздігі деп танылды. Қазалылықтар: Мұқағали Мұхтарұлы екінші, Медетбек Дәуренбекұлы үшінші орындардан көрініп, «Чемпион» клубының дәрежелі дипломдары мен бағалы сыйлықтарына ие болды.

Мұхтар СӘЛМЕН.

№182 орта мектептің дене тәрбиесі
пәнінің мұғалімі.

**Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген**

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би көпірі, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор–бас редактор–2-17-49, директор–бас редактордың орынбасары–2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер–2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru **Таралымы** 9051 дана.